

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ИМ. И.АЛТЫНСАРИНА

БІЛІМ ОБРАЗОВАНИЕ

ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№3 (86) 2018

Астана
2018

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

БАС РЕДАКТОР

Ж.О. Жылбаев - п.ғ.к., профессор, ҚР БҒМ Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының президенті

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ

М.Е. Мұқатова - п.ғ.к., доцент, Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА Үздіксіз педагогикалық білім орталығының директоры

А.М. Мамырханова - т.ғ.к., доцент, Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА Тәрбиенің теориясы мен әдістемесі орталығының директоры

Ж.Ж. Наурызбай - п.ғ.д., профессор, Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА бас ғылыми қызметкері

Д.П. Қожамжарова - т.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры

В.Н. Скворцов - э.ғ.д., п.ғ.к., профессор, А.С. Пушкин атындағы ЛМУ президенті (РФ)

Л.В. Моисеева - п.ғ.д., профессор, Урал мемлекеттік педагогикалық университетінің кафедра меңгерушісі, (Екатеринбург қ., РФ)

М.Н. Сарыбеков - п.ғ.д., профессор, М.Х. Дулати атындағы ТарМУ ректоры

Б.А. Жетпісбаева - п.ғ.д., профессор, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, шетел тілдері факультетінің деканы

С.В. Чернышенко - білім беру бағдарламаларының менеджері, Кобленц-Ландау университетінің профессоры (Германия)

Редактор - Исаева Ж.К.

Корректор - Есепбай Ж.

Техникалық редактор - Құсайынов О.А.

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ**

**ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ
ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ОБУЧЕНИЯ**

Н.Ж. Құрман
Қазақ тілі сабақтарында көркем мәтін талдау жаттығуларының жүйесі.....3
S.A. Rakhimbekova
Current issues of philosophy of language.....8
А.К. Сви́дерский, Б.Д. Каурбекова
Реализация принципа непрерывности во взаимодействии «школа-вуз» как фактор снижения рисков молодой личности при переходе к профессиональному обучению.....13
А.К. Тастанова
Современные подходы к оценке результатов обучения.....19
Ш.М. Шуншина
Вопросы обеспечения преемственности в обучении на разных уровнях образования.....23

**ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ
ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ВОСПИТАНИЯ**

Б.Б. Байкасов, Г.А. Қуанышева
Рухани жаңғыруда өлкетанулық жұмыстардың маңыздылығы.....29

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

Д.Ж. Жетпісбаева
Уровень психологической готовности учителей специального образования.....34
К.А. Исентаева
Определение потребности повышения профессионального уровня педагога через мониторинговую деятельность курсов повышения квалификации.....38
Ж.Ш. Маханбетова
Қамқоршылық кеңестер: мектепті басқарудың жаңа жүйесіне азаматтық қоғамның қатысуы.....43
Б.К. Сартаева
Роль научных конференций в формировании профессиональных компетенций.....47

БОЛОН ПРОЦЕСІ ІСКЕ АСУДА / БОЛОНСКИЙ ПРОЦЕСС В ДЕЙСТВИИ

Ж.К. Исаева
Основные формы интернационализации высшего образования.....50

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТАРИХЫНАН / ИЗ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

С. Оспанұлы, К.Мырзағалиева
Тобыл, Торғай бойында ашылған жаңа үлгідегі алғашқы мектептер.....56

PERSONALIA

Белгілі әдіскер, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, «Начальная школа Казахстана», «Средняя школа Казахстана – Қазақстан орта мектебі», «Шағын мектеп – Малокомплектная школа» ғылыми-әдістемелік педагогикалық журналдарының бас редакторы Елубаев Советбай Елубайұлы 80 жаста.....63

КОНФЕРЕНЦИЯЛАР, СЕМИНАРЛАР / КОНФЕРЕНЦИИ, СЕМИНАРЫ

Облыстық, Астана, Алматы, Шымкент қалалары әдістемелік орталықтарының/кабинеттерінің жетекшілерінің қатысуымен семинар-кеңес (4 шілде 2018 ж., Астана қ.).....66
ҚР Білім беру қызметкерлерінің республикалық педагогикалық тамыз конференциясы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы адами капитал» (15 тамыз 2018 ж., Астана қ.).....67
БІЗДІҢ АВТОРЛАР / НАШИ АВТОРЫ.....69
АВТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕ / ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ.....70

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА КӨРКЕМ МӘТІН ТАЛДАУ ЖАТТЫҒУЛАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ

Н.Ж. Құрман

*М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті
Қазақстан филиалы, Астана қ., Қазақстан*

Аңдатпа. Мақалада көркем мәтінді талдауға арналған жаттығу түрлері қарастырылады. Көркем мәтінді талдай оқытуда мәтінмен кешенді талдау жұмыстарын жүргізу де нәтижелі болатын жол.

Аннотация. В статье рассматриваются виды упражнений анализа художественного текста. Результативным будет проведение комплексного анализа текста при анализе художественного текста.

Abstract. The article discusses types of exercises for the analysis of literary text. It will be effective to conduct a comprehensive analysis of the text while analysing of the literary text.

Түйін сөздер: қазақ тілі, көркем мәтінді оқу, талдау, жаттығу жүйесі.

Ключевые слова: казахский язык, художественный текст, анализ, система упражнений.

Key words: Kazakh language, literary text, analysis, system of exercises.

Қазақ тілін қай деңгейде оқытып-үйретуді бастаса да, оны шығармашылық жүйемен жүргізуге болады. Сондықтан деңгейлік тапсырмалардың жоғары сатысы – шығармашылық деп сол логиканы қатып қалған догма ретінде қабылдамау керек.

Бұл жерде, көп жағдайда, түсінілмей жүрген мәселе – сол деңгейлік тапсырмаларды орындату оқушыдан гөрі қазақ тілі мұғалімдеріне көбірек керек. Өйткені мұғалімнің шеберлік деңгейі әртүрлі дәрежеде болғандықтан, қолдана алатын мұғалім де бар, қолдана алмайтыны да бар деген ыңғайдан жасалғанын да түсінуіміз керек.

Көркем мәтін – шығармашылық жолмен құралған дүние болғандықтан, оны қай қырдан талдаса да, тек

шығармашылық-көркемдік жүйеде қалады. Тіпті стилін өзгертіп жазу тапсырмасы орындатылғанның өзінде ой мен идея сол шығармашылық-көркемдік мазмұнда тұрады.

Себебі көркем шығарманың мәтіні – шығармашылық үдерістен туған бұйым, шығармашылық арпалыстың, қуаттың квинтэссенциялық түйіні, автордың іштей аласапыранға түсіп, тұңғыықтан тапқан маржандарынан тоқылған өзгеше дүние.

Сонда қазақ тілі мұғалімі көркем шығарманың жасалу логикасын қолдана білмей, сөз бен сөйлемдерді жаттанды үйретуге түсіп кетпеуі үшін не істеуі керек?

Көркем шығарма мәтіні – адамдардың шынайы өмір болмысының автордың көркем ойы арқылы танылған

моделі екені белгілі. Осы жағынан көркем шығарманың басқа көркем туындылармен байланысы бар екенін білеміз. Ол материалдық не рухани туындылардың барлығы көркемдік жағынан белгілі бір нүктеге дейін бірдей болып келеді де, көркемдік шешім табуының жолдары бойынша ажыратылады. Ол не формасы жағынан, не мазмұны жағынан сан түрлі рухани-материалдық көркем әлемді құрайтын дүниелердің өзіндік болмысы болып танылады [1].

Көркем модель – автордың өзін қоршаған ортасын көшіріп қоя салуы емес. Санасына сырттан қабылдаған әлемді жан-дүниесімен қорытып, оны өзіндік талқыға салып қайта бояп, тіл құралдарының көркемдік әлеуетін танып-таңдап, сол арқылы сыртқа қайта ұсынуы. Сондықтан әрбір көркем бұйымнан автордың ойы мен идеясын тану маңызды болады.

Бұл жерде Сұлтанмахмұттың «Бір адамға» деген өлеңін мысалға келтіру артық болмас деп ойлаймыз. Өлеңде автор бір шалдың өзінің қазына малын көрсеткені, қымбат бұйымдар көп екені айтылады. «Жусақ та денемізден кетер емес, сондағы тұқым шашып сепкеніңіз» деген жолдар мен «Кесені қолыма алып қарай бердім, ішінде нахақ көзден жас бар ма деп» жолдарын алып, осы әдісті кез келген көркем шығармаға қолданып қарастыратын болсақ, барлық көркем туындылардың мазмұнында оны жасаған, сомдаған автордың бір жұрнағы танылатыны анық.

Сондықтан автор жасап шығарған дүние қалай болғанда да, идеалданған объект болып табылады. Бірақ ол – жалған қияли нәрсе емес, автордың көркем көрегендігімен көрсетіліп отырған, шынайы өмірде болуы мүмкін модель. Макроәлемнің микроәлемдік

моделін көркем мәтінге сыйғыза алған жазушы мен ақынның шеберлігін мақтауосыдан туады. Сондықтан да биік эстетикалық идеяның туындысынан адамдар шабыттанып, жаңа өмірлік қуат алып, әрі қарай өзіндік жаңа модельдер туындатуға бара алады.

Ол көркем шығармада адамзаттық, ұлттық, жеке адамдық философия, мәдениет, тарих, діни, салт-дәстүр, өзін ұстау әдебі – барлық идеялар өзара үйлесіп, «сырты күміс, іші алтын болып, теп-тегіс жұмыр келсін айналасы» деген талапқа сай берілсе ғана адамдардың барлығы кәусардан су ішкендей таласа оқитын болады.

Себебі әрбір персонаждан, кейіпкерден, іс-әрекеттерден оқырман өзін, өзінің өмір жолының іздерін, үміті мен армандарының ұшқындарын жалт-жұлт еткен жолдардан байқап қалып отырады. Соның бәрін туындатқан – тіл құралдары, соның барлығы – автордың тілді көркемдік қаламының ұшымен қолданған еңбегінің нәтижесі.

Қазақ тілі сабақтарында шәкірттердің шығармашылық қабілетін өркендетіп, сөздік қорын байытып, сөйлеу шеберлігін дұрыс формалармен қалыптап, грамматикалық-орфографиялық зеректігін қайрап, қазақша ойлау формаларын түсіне қолдануға дағдыландыратын бірден-бір сенімді құрал – көркем мәтін осындай қасиеттерге ие құрал.

Осы – көркем шығарманың беретін пайдасы, қуаты, көрсететін жолы. Осы жағынан яғни көркем шығарма тіл үйренушінің жан-дүниесін қозғалысқа түсіретін ерекше құбылыс болғандықтан, ол қазақ тілін үйрету үдерісінде мәтін ретінде оқылғанда тек тіл үйрету құралы емес, оқыған адамның болмысына да әсерін тигізеді.

Көркем мәтінді қолданып қазақ тілін оқыту (Т1) немесе қазақ тілін

үйрету (Т2) технологияларын жүйелі қалыпқа түсіру үшін, ең алдымен, оның құрылымдық логикасын айқын анықтап алу керек. Ол келесі кезекте тұрған мақаламызда ұсынылатын болғандықтан бұл жерде тек алгоритмдік жолын атап кетеміз [2].

Осындай алгоритмдік жүйе дұрыс құрылып, әдістер соған сәйкес таңдалып, сол таңдалған әдістер жаттығу формасына айналып, олардың

барлығы Блум таксономиясының сатылары бойынша орналастырылса, көркем мәтінді қолдану арқылы қазақ тілін шығармашылық деңгейде тіл оқыту технологиясының негізі де қалыптасады.

Көркем мәтінді талдау жаттығуларын мынадай алгоритмдік қадамдар желісімен қолдану арқылы жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады.

1 - кесте. Көркем мәтінді қолдану арқылы шығармашылық деңгейде тіл оқыту технологиясының лингводидактикалық негіздері

Қадамдар	Әдістер	Жаттығу
Бірінші қадам. Көркем мәтінді (үзіндісін) қабылдау.	Мұғалім әңгімесі. Тыңдау. Болжам арқылы тірек сөздермен жұмыс.	Жаттығулар Блум таксономиясына сәйкес сатылар бойынша құрылуы тиіс.
Екінші қадам. Көркем мәтіннің (үзіндінің) мазмұнын талдау.	Объективтік талдау - танымдық, пәндік-оқиғалық қабатын талдау. Субъективтік талдау - бағалау. Ондағы автордың жан-дүниесін танытатын, көзқарасын танытатын, сюжеттерді автор өзіндік идеялық мақсатқа сай құрғанын (басқаша да болуы мүмкін ғой?) көрсететін талдау. Мазмұндағы жақсылық пен жамандық, адамгершілік, махаббат, достық пен зұлымдықтың теке-тіресі және авторлық шешім көрінісі.	Жаттығулар Блум таксономиясына сәйкес сатылар бойынша құрылуы тиіс.
Үшінші қадам. Көркем мәтіннің (үзіндінің) формасын талдау.	Ішкі форма. Сыртқы форма. Форма – мазмұнның берілуінің, бар болуының басты тірегі, негізі екенін таныту әдістері (лингводидактикалық әдістер, поэтикалық талдау әдістері).	Жаттығулар Блум таксономиясына сәйкес сатылар бойынша құрылуы тиіс.
Төртінші қадам. Көркем мәтіннің (үзіндінің) тілдік жүйесін талдау.	Тілдік талдау - дыбыстық-фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, стилистикалық құралдардың идеяны ашудағы автордың көркем тілдік қолданысы ерешеліктері.	Жаттығулар Блум таксономиясына сәйкес сатылар бойынша құрылуы тиіс.

ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ

Көркем шығарма мәтінінің өнердің барлық басқа түрлерін бір өзіне ұстап тұра алатын қабілеті мен мүмкіндігі – оның аса қасиетті сакралды десе болатын болмысы. Оны шәкірттерімізге таныту үшін көркем шығарма мен өнердің барлық басқа түрлерін салыстыра алатындай мүмкіндік тудырамыз. Олай жасамай тұрып, тілді мақтағанмен, жырлағанмен шәкірттің санасына қонбайды, құлаққа естіледі де кетеді. Арнайы жағдаяттық жаттығу орындату арқылы көзін жеткізудің

жолы - ғылыми және шығармашылық әдісті меңгерту. М.Әуезовтің «Абай жолы» романының 1- кітабынан алынған үзінділер бойынша берілген тапсырманың бір түрін көрейік.

Тапсырма. Көркем шығармадан алынған үзінділерді аса зейін қойып оқыңыз. Онда суреттелген нәрсенің (кейіпкер, оқиға, іс-әрекет, пейзаж, портрет т.б.) қандай өнер түрімен жақын келетінін анықтап, қасына сәйкесін жазыңыз. Өнер түрлері – архитектура, сурет өнері, кино, скульптура, балет.

№ /№	Көркем шығарма мәтінінен үзінділер	Қай өнер түріне жақын келеді / ұқсайды
1	<p>Тегінде, ертекші, өлеңші, не басқа әңгімеші адамға талай уақыт тапжылмай тесіле қарап қалу Абайдың кішкентай күнінен бергі әдеті еді. Адам пішіні әрдайым бұған бір тамаша, өзгеше қызық сурет тәрізденетін. Әсіресе, ажымы мол үлкендер пішіні бір қызық хикая тәрізді. Ол кей адамның айғыз-айғыз ажымынан, салбыраған ұртынан, қыртыстанған маңдайынан немесе бояуы оңған көздерінен, әр алуан сақал-мұртынан – өзінше неше түрлі жанды, сызаты көп сипаттарын көргендей болатын. Қына басқан, сызаты көп тас па? Я селдір тоғай ма? Не, көде-көкпек пе? Кейде мал мен аң бейнесі ме? Бәріне де ұқсап кетіп отыратын адам мүсіндері болады</p>	
2	<p>Бөжей де оншалық өзгеше емес. Түсі ақ сұр келген, өзі қоңыр сақалды, кесек мұрынды Бөжей - осы отырғанның бәрінен де сұлу. Бетінде ажымы да аз. Бірақ Абайдың көзін оған көп тартатын бір нәрсе - мұның бітікшелеу, кішкене келген көздері.</p>	
3	<p>Жиренше таңертең Құнанбай аулына бір әдемі тарғыл тазы ертіп келді. Келуі ауылды азан-қазан қып, бала-шағаның көбін тысқа еріксіз шығарған. Бұл шудың басы-Оспан болған.</p> <p>Жиренше тазысымен қонақ үйдің сыртына тақай бергенде, Оспан анадайдан көріп қалып: - Айтақ, айтақ, жеңдер. Ойбай, жеңдер, әне Жиреншенің тазысын! Жолдаяқ, Бөрбасар, Бөрбасар! – деп Құнанбай үйінің көп сары аласын ұран шақырғандай өре тұрғызған. Жиренше Оспанның бүлдіретінін алыстан біліп: - Өй, Оспан! Айналайын! Қалқатайым... Қой! Қоя ғой! – деп, сонша тоқтатпақ болып еді, Оспан: - Бөрбасар... Найт! – деп сақылдап күліп, секіріп ырғып, бар итін тарғыл тазыға қарай қаптатқан болатын.</p> <p>Осы кезде қонақ үйге жетіп қалған Жиренше атын тастай беріп, тазы итін мойнынан ұстап тұра қалған. Бірақ жеті-сегіз сары ала, әрбір үйдің ығынан шығып, «гүр-гүр» етіп кеп, қоршап алды. Үйге де кіргізбей, табан аудырмай да қойған еді. Оспан Жиренше «қой» деген сайын сақ-сақ күліп, иттерін өшіктіріп: -Ыр-р! – деп өзі де тап беретін.</p>	

	Бірақ өңшең кексе тартқан иттер Оспанның күнде осындай сан рет жоқ шатаққа бастай бергенінен мезі болған ба, тазыны жұлмады. Құрырылдауы мен арсылдауын ғана молайтып тұр.	
--	--	--

Дұрыс жауаптары: 1) скульптура, 2) сурет, 3) кино. Бірақ осы дұрыс жауапты табу шәкіртке біраз уақыт бойы жұмыс жасап, ойлануына жетелейді. Өйткені жай айта салғанның өзінде «неліктен?», «қандай белгілері бойынша?» деген сұраққа тағы жауап беруге тура келетіндіктен, жауабының тиянақты болуы үшін саналылықпен жұмыс жасауына тура келеді.

Осындай салыстырулар арқылы шәкірттер тілдің адам өмірінің барлық саласын қамтитыны, сипаттауға мүмкіндігі жететіні туралы ой қорытындысын жасайды [3].

Сондықтан көркем мәтінді тірек ете отырып, қазақ тілін ана тілі ретінде (Т1) оқытудың жүйесі мен қазақ тілін (Т2) тіл ретінде үйретудің жүйесіне байланысты жаттығулар жүйесі мен

мұғалімнің сабақта, сабақтан тыс басқа жұмыс түрлерімен үйлестіре қолдану жолы технологиялық сипатқа ие болады.

Көркем мәтінді талдай оқытуда мәтінмен кешенді талдау жұмыстарын жүргізу де нәтижелі болатын жол. Көркем мәтінді жан-жақты талдауда яғни таза тілдік, филологиялық талдау да, поэтикалық талдау да, орфографиялық және пунктуациялық талдау жасауда, коммуникативтік және стилистикалық талдау жасауда әр бағыттың өзіне тән жаттығулар қатары әзірленіп, оқушының көркем мәтін мазмұнымен терең танысып, ойлауы мен тілі дамуына керекті барлық лингводидактикалық мүмкіндіктер арнайы әдістемелі қор болып жинақталуы керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Леонтьев А.Н. *Деятельность. Сознание. Личность* – Москва, 1975. 352 с.
2. Мейлах Б.С. *Процесс творчества и художественное восприятие. Комплексный подход: опыт, поиски, перспективы* / Предисл. Б.М. Кедрова. – М.: Искусство, 1985. – 318 с.
3. Құрманова Н.Ж., Мухлис К. *Текст теориясы және текстті талдау әдістемесі*. – Алматы, 2000. – 160 бет.

CURRENT ISSUES OF PHILOSOPHY OF LANGUAGE

S.A. Rakhimbekova

*Kazakh University of Economics, Finance and international trade,
Astana, Kazakhstan*

Аңдатпа. Берілген мақалада тіл философиясының өзекті мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінің өзектілігі, дамуы және тіл философиясы тарихынан үлгілері көрсетілген.

Аннотация. В данной статье рассматриваются актуальные вопросы философии языка. Также приводятся примеры из истории философии, развития и актуальности государственного языка в Республике Казахстан.

Abstract. This article discusses topical issues of the philosophy of language. There are also examples from the history of philosophy, development and relevance of the state language in the Republic of Kazakhstan.

Түйін сөздер: тіл философиясы, философия тарихы, мемлекеттік тіл.

Ключевые слова: философия языка, история философии, государственный язык.

Key words: philosophy of language, history of philosophy, state language.

Formation of national language of modern Kazakhstan has successfully passed the most difficult stages. Teaching of national language has always been of great importance as for culture beam, carrier of custom and nation mentality.

Cognition of language through culture, social life and a history of the nation is the most efficiency method among the many methods of teaching a Kazakh language.

The most valuable heritage of the nation studied for years handed on teaching methods as the aforementioned items as well as language in general. It has been beginning from the oral folk literature of the ancient poets – Zhyrau -, whose poems clearly showed (reflected) pictures of people’s social life, its history and its famous sons.

Gradually, didactic as well as philosophical poems passed into words

of edification, after into political forecasts and solutions of life challenges. On the back of this the issue on a purity of the Kazakh language whose native speakers still keep ancient words- archaisms, passed them into the modern Kazakh language, is always actual.

The famous scientists S. Isayev, stressing the importance of native language, states in his writings: «Тіл – қоғамдағы адамдар арасындағы аса маңызды қатынас құралы болғандықтан да, ол, бір жағынан, ойлаумен, екінші жағынан, сол арқылы санамен, үшінші жағынан, қоғамдық өмірде белгілі-белгілі қызметтер (коммуникативтік, эстетикалық-экспрессивтік, т.б.) атқаруымен және дыбыстық материалға негізделуі, оның белгілі мәнге ие бола алуымен байланыста болып келеді» [1, 4 p.]. We can also mention that Kazakh language abounds with a lot of

proverbs. They have been taken more from the folklore time, when the Kazakh Khanade had passed its formation.

It is crucial to say that even during the Soviet Union the ancient Kazakh language was of great importance and preserved in its purity due to works of famous scientists of Kazakh steppe.

They were scientist - ethnographer Shokan Ualikhanov, teacher Ybyrai Altinsarin who was discoverer of the first schools on Kazakh land, we also can mention Akhmet Baitursynov who was a founder of Kazakh linguistics and whose stupendous works had made a real revolution on the history of linguistics.

Certainly, during the years of Soviet Union, the Russian language was priority language, however, the classics of Kazakh literature and linguists performed a feat, saving the purity of Kazakh language as well as saving the language of poets-zhyrau, which is considered as one of the most core philosophical language of ancient nomads.

As it is known, nomads were notable for rich heritage of literature which passed across the generations. It is well-known that the works of Gabit Musrepov, Beimbet Mailin, Mukhtar Auyezov, Ilyas Omarov conducted to this process.

The social and political system of different generations, solution of many difficulties by the ancient wisdom ways of noble nomads were described in vivid colors in those works.

As we know, the Kazakh language as one of the Turkic group languages is closely connected with the philosophy of nation. Philosophy itself in many aspects connected with Quran and the religion of Islam. Statements (assertions) characterizing philosophical ideas and religious directions of Islam are found in the most of Kazakh proverbs.

Ideas of forgiveness, compassion, generosity, virtue passed through the philosophy of whole nations in its language and preserved in its pristine purity. Even nowadays we, Kazakh people, have daily expressions which are used several times, words which sources are religion and spiritual riches of the nation and its philosophy of life and purity.

Across the generations they had been passed in every family, tribes and zhuz. Then it is clear that the Kazakh language as one of the most difficult philosophical language managed to preserve its original purity, without mixing with other Turkic languages. It is evident, that there are some words borrowed from Arabic, Persian languages, but even this borrowing went back to ancient times of poets-zhyrau, first Kazakh steppe revolutionaries, and in no way affected on the purity of the syllable.

What concerns the current position of the language policy, we can be sure that the Kazakh language, as one of the most difficult philosophical languages that reflect the rich philosophy of life, culture and mentality of an entire nation, has preserved its basis, not submitted by changes of several centuries.

What could preserve the language in such a pristine purity as a complex and beautiful language? The answer is found in works of Kazakh writers, who had always a philosophical significance like a language of poets-zhirau. It is pleasant to know that a lot of the same proverbs, sayings, philosophical words and exhortations on which were based spiritual concept of life and storage of whole Kazakh steppe took place in the works of XV-XXI century.

A democratic nation is another important fact of the preservation of Kazakh language in its purity and

complexity of the speech. It is well known that the law of the steppe had always been democratic and nomads brought in a democratic society where freedom of speech and the decision of the individual had been appreciated.

Ancient philosophy of the Kazakh steppe is the one whole for all of its sons, whether he was a descendant of the Khan's blood or poor. Pride and freedom of speech belonged to both of them. Not without reason many historical memoirs were written about a democratic political structure of Kazakh society. We have had such a system for a long time that is why it was possible to maintain the boundaries of the state, nation and language. The code of laws «Zheti Zhargy» by Tauke khan, fair decisions of Kazakh biys were always on the side of justice, a noble decision of serious crimes.

Herein we can mention the elected by nation the first Kazakh steppe fair and democratic khans Zhanibek and Kerey, their sons and descendants as famous politicians Kasim Khan, Tauke Khan, Abylai Khan. They defended the borders of their motherland with the fire and sword, sometimes on two fronts, in spite of the fact that the land of the Kazakhs was attractive to others, with the efforts of the khans it did not become someone else's property and still successfully passed from one generation to another.

It means that the land was not only as a property, we openly acknowledge their ability to preserve valuable inheritance of the nation, its language and culture. Thanks to the poets- zhyrau, who were called the voice of the nation, openly oppose any tyranny, and whose performances were afraid of angry rich steppe, we know a lot of social and political difficulties of any other time. But none of their poems had described the problem of the Kazakh language as

far as there was no such problem. The steppe gentility, aristocrats of those times understood the importance of language factor, the necessity to preserve the purity of language not mixing with others.

The Kazakh rulers selected by democratic society had conscientious attitude to the nation and its interests, culture and language. Thanks to them only the Kazakh language preserved its purity though many other nations periodically appeared in the Kazakh steppe in those days. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!», - which means that knowledge of other languages and worship of the mother tongue is a deep philosophical solution of those times that came to us. It is well known that the Kazakhs could easily speak in several foreign languages, this skill inherited by several generations and still passed the younger generation through centuries-old experience of the nation.

That is why the Kazakh can easily learn several languages and does not contribute to his native language of foreign words which is an important factor in maintaining the purity of the native language as a classic.

Thus, the purity and preservation of language is closely related to the philosophy of the nation. The Kazakhs have always been and will be a nation that primarily carries the future of a valuable inheritance of past centuries, carefully passing it to the younger generation.

A baby from the date of birth hears a native language, feels it, observes all traditions from the cradle, takes part in them, he feels as an individual as many Kazakh customs devoted to. Many of these customs accompanies with cradle songs such as «Бесік жыры» devoted to babies. We go through all the beautiful

and unique customs of our nation with the increase of years, promoting a love to neighbor, charity, generosity and deep philosophy basics of the Kazakhs.

That is to say that all the stages of achievement of personhood closely associated with the mother tongue, that is why even 50 years old man who have lived abroad and never heard native speech, can master it in no time. Herein is implicated a deep philosophy of language.

A well-known Kazakh scientist, Professor K. Akhanov writes about this in his treatises: «Тіл мен қоғамның өзара тығыз байланысы – еік жақты байланыс. Біріншіден, тілсіз ешбір қоғам өмір сүре алмайды. Тіл жоқ жерде адамдардың қоғамда бірлесіп еңбек етуі, қоғамдық өндірісті ұйымдастыруы, оны дамытуы мүмкін емес. Демек, қоғамның өмір сүруі, адамдардың бірлесіп еңбек етуі үшін қатынас құралы, пікір алысудың құралы – тіл қажет. Тіл – адам баласы қоғамның өмір сүруінің және дамуының қажетті шарты. Екіншіден, тіл қоғам бар жерде ғана өмір сүреді» [2, 38 p.].

Professor K. Akhanov emphasizes the importance of native language in the formation of individual and society and the state as a whole.

The significance of the native language is particularly evident through the development of science, art and literature. The scientist A. Khasenov marks this: «Тілдің қоғамдық сипаты ең алдымен лексикада көрінеді. Қоғамдағы ғылыми-техникалық прогресс тілге көп жаңалық әкеледі. Тілде жаңа сөздер пайда болады; байырғы сөздер жаңа мағынаға ие болады; жаңа сөз тіркестері жасалады; синтаксистік кейбір құрылымдар, конструкциялар пайда болады; стильдердің, әсіресе сөйлеу тіл мен жазба тіл интонациясы-

ның арақатынасы да жетіледі т.б.» [3, 50 p.].

In 1750 Jean-Jacques Rousseau in his treatise on the sciences and the arts (*Discours sur les arts et les sciences*) awarded by Dijon academy for the possibility of science and art to change the society takes the primary source over the top of any culture. Within the treatise, civilization around had led to moral and physical degeneration of the people and the only people that have preserved their original simplicity remained virtuous and strong, further stated that the outcomes of progress were always moral corruption and military weakness.

Rousseau asserted that the primary source, rather than something that was after it, is the basis which is necessary to know every decent society. Certainly, all cultural inheritance of any nation was primarily based on language. Here we can fully agree with the theory of well-known philosopher that the language is the most important factor as a primary source in the preservation of culture and history of a nation and humanity as a whole. Such theories and treatises are often to see in the history of philosophy.

Take, for example, philosophical treatises of J. Bruno, Aristotle, Denis Diderot, etc. All of them are the greatest philosophers of their time, the founders of philosophy science. Philosophy of language occupies a large part of their great works, as the science of the first stage in the construction of human society, culture and morality.

Within the treatise Rousseau one of the negative aspects of any society is the moral corruption. Philosopher clearly pointed out that morality is closely intertwined with moral basis of society which is language and culture.

We can trace from history a negative impact of culture of some nations to

others. For example, the tribe of Maya had been colonized by the Spanish. Mayan culture began to disappear along with its people, the Spaniards did not aspire to understand its philosophy. The same comparison can be traced back to other people and at another time.

The missionaries of Europe in the olden days socialized with the natives with one main goal. They were not interested in the culture of African peoples the same as other conquerors, under religion cover they tried to enter the Gentiles into the Christian faith by opening English schools, thus promoting their own language.

Therefore, we can note many of the sovereigns of the past centuries. Genghis Khan, Hitler, Napoleon - immigrants of different nationalities, religions and ages, they have steadily strived the same goal - to conquer foreign territory. And yet, what is most important in the consideration of our question, they tried to make their own culture, without regard to the other.

Destruction of culture or its parts always negatively affected the language. Through realization of the necessity only to know language and keep it in pristine purity, humanity did not lose its masterpieces of art. It is well known that Shakespeare, Abay, Goethe wrote their invaluable treatises in their native language, the complexity and beauty of which can be understood only by a language speaker.

Language and culture – are the integral concepts. They save sometimes

not only an independent society from ignorance, but also the entire nation from death or occupation, as for example, India as being the former British colony. Due to Gandhi intensions, India had been using only its products and as the consequence the British manufacturers lost their Indian consumers, which served as a major cause for the departure of the British.

India had freed itself from colonial oppression without a single shot, standing up for its market, consumers, not letting to forget their culture and customs, putting on a pedestal their native language, not English. We can see the power and influence of native language on the fate of country and the nation as a whole! A role of the state language is not only in the development of culture, but also in the political interests of the country.

Thus, we can clearly see the role of native language through the formation of the XXI century society. The presidents of countries in their addresses always mention the purity of the state language. The role of the state language in Kazakhstan is great.

A lot of books are published in Kazakh, a lot of seminars and trainings are hold, the country's best scientists write their research papers in their native language, the other nations of our multicultural country by studying Kazakh realize that the future of the state, nation and people of Kazakhstan at its native language.

References:

1. Исаев С. «Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар» Алматы: «Ана тілі», 1992. - 144 б.
2. Аханов К. «Тіл білімінің негіздері» Алматы: «Санат», 2003. - 496 б.
3. Хасенов А. «Тіл білімі» Алматы: «Санат», 2003. - 416 б.

РЕАЛИЗАЦИЯ ПРИНЦИПА НЕПРЕРЫВНОСТИ ВО ВЗАИМОДЕЙСТВИИ «ШКОЛА-ВУЗ» КАК ФАКТОР СНИЖЕНИЯ РИСКОВ МОЛОДОЙ ЛИЧНОСТИ ПРИ ПЕРЕХОДЕ К ПРОФЕССИОНАЛЬНОМУ ОБУЧЕНИЮ

А.К. Свидерский, Б.Д. Каирбекова

*Павлодарский государственный педагогический университет,
г. Павлодар, Казахстан*

Аңдатпа. Мақала жастардың жоғары оқу орнында кәсіби білім алуға көшу мәселесінің бір қырына арналған. Аталған үрдісте орын алатын әлеуметтік қауіптің қатары қарастырылған. Жоғары оқу орындары мен жалпы орта білім берудің үздіксіздік принципін өзара әрекеттестігі арқылы бұл қауіпті жеңілдетуге болатындығы туралы тұжырымға келген.

Аннотация. Статья посвящена одной из сторон проблемы перехода молодых людей к профессиональному обучению в высшем учебном заведении. В статье рассматривается ряд социальных рисков, которые возникают в этом процессе. При этом делается вывод, что реализации принципа непрерывности во взаимодействии общеобразовательных и высших учебных заведений способствует смягчению таких рисков.

Abstract. The article deals with an aspect of the problem of youth's transfer to professional education in a higher educational institutes. The article considers a number of social risks, arising in this process. Herewith, a conclusion is made that implementing the principle of continuity in interrelation of secondary and higher educational institutios contributes to easing of such risks.

Түйін сөздер: кәсіптік оқыту, жоғары оқу орны, әлеуметтік тәуекелдер, үздіксіздік қағидатын іске асыру.

Ключевые слова: профессиональное обучение, высшее учебное заведение, социальные риски, реализация принципа непрерывности.

Keywords: vocational training, higher education institution, social risks, implementation of the principle of continuity.

В ежегодных Посланиях Главы нашего государства Н. А. Назарбаева народу Казахстана особое внимание уделяется социально-значимым программам, в том числе повышению качества образования. Главным ориентиром являются слова Президента Республики Казахстан о необходимости предоставления качественных образовательных услуг. На форуме стипендиатов Международной

программы «Болашак» Н.А. Назарбаев выдвинул идею национального проекта «Интеллектуальная нация – 2020» [1].

В связи с этим возрастает роль современной системы образования в развитии человеческого капитала как основной единицы измерения уровня жизни общества. В то же время национальные системы образования не могут развиваться без интеграции с тенденциями мирового

образовательного пространства. Новый Закон Республики Казахстан «Об образовании», принятый в 2007 году, создал правовую основу для реализации многоуровневой подготовки специалистов.

Многоуровневая система высшего и послевузовского образования (бакалавриат-магистратура-докторантура) предусматривает движение от общего к частному, т.е. сначала человек получает широкое образование по какому-либо направлению, а затем постепенно переходит к более узкой подготовке через образовательные программы, ориентированные на специализацию.

Такая система, с точки зрения методики и идеологии обучения, позволяет на студенческой скамье развивать у студента способности и навыки к обучению на протяжении всей жизни, приобретать навыки межличностного общения. Она обеспечивает достаточно четкую реализацию получения знаний, способствует диверсификации методологии и методики обучения на разных уровнях подготовки кадров. Утверждать проблемность перехода молодой личности к профессиональному обучению аксиомно. Эти проблемы анализируются в плоскости и педагогической, психологической и социальной. Но, на наш взгляд, рассмотрение этих проблем с точки зрения рискологического подхода, позволяет выявить те стороны этого процесса, на которые распространяются основные характеристики риска как такового, а именно, когда риск понимается как специфический процесс выбора альтернатив, вариантов действий в ситуации неопределенности, когда риск раскрывается через непосредственное действие (деятельность субъекта) в

надежде на позитивный исход, и когда при определении риска акцент делается на вероятности отрицательного характера результата каких-либо событий.

Исследователи также отмечают особую значимость рискологического подхода к анализу проблем образования. Так Ю. А. Зубок отмечает, что для адекватного понимания проблем образования в современных условиях необходимо рассмотрение социальной природы риска во всем многообразии его проявлений в данной сфере. При этом она отмечает, что «социальный риск возникает при переходе от состояния неопределенности к определенности (или наоборот) и представляет собой потенциальную или реальную угрозу конкретным общественным структурам, группам, личностям, ставя их перед необходимостью выбора» [2, с. 35].

Исходя из определения таких сущностных сторон риска, можем утверждать, что он характерен и для перехода молодого человека из школы в вуз. Так, молодой человек делает свой профессиональный выбор в ситуации наличия множества альтернатив для выбора не только специальностей и вузов, а и факультетов, а может даже города и страны обучения, иногда имея о них не самое полное представление. И не факт, что выбранная ими альтернатива удовлетворит его с точки зрения представлений о месте получения своей будущей профессии.

В дальнейшем, даже если по формальным сторонам молодой человек будет удовлетворен своим выбором места обучения, то есть другой риск не адаптироваться к системе обучения (студенческой группе, корпоративной культуре) данного вуза, то есть попросту «не вписаться» в среду. В конечном итоге, проучившись в вузе положенное

количество лет, молодой человек на пороге его окончания сталкивается с новыми рисками, связанными с проблемами трудоустройства, которые, как правило, абитуриенты и их родители пытаются спрогнозировать еще при выборе специальности и вуза, то есть как раз при переходе из школы в высшее учебное заведение.

Опираясь на такое понимание социального риска, можно утверждать, что одной из главных предпосылок возникновения рисков при переходе из школы в вуз, является состояние неопределенности, которое порождается разными факторами. Для более четкого понимания и видения рисков в системе высшего образования представляется методологически правильным рассматривать их:

- на входе в вуз – риски выбора альтернатив при поступлении и зачислении в высшие учебные заведения;

- риски в вузе – риски в процессе обучения и адаптации к обучению в вузе;

- риски на выходе – риски трудоустройства молодых специалистов и риски, которые могут проявляться в других сферах общества, но порожденные системой высшего образования.

В разрезе заявленной проблемы, нас будут интересовать первые две группы рисков, смягчение которых как раз лежит в плоскости реализации принципа непрерывности во взаимодействии «школа-вуз».

Что касается первой группы, то существующая система приема в высшие учебные заведения на основе результатов единого национального тестирования, безусловно, социально-справедливая направленность. Но с другой стороны, эта система вносит элементы неопределенности в процесс профессионального выбора молодыми

людьми и выбора учебного заведения, что отражается на дальнейшем процессе обучения и взаимодействии преподавателей и студентов в ходе профессиональной подготовки. Состояние неопределенности и неполной информированности части абитуриентов о сущности выбираемой специальности, специфике профессиональной подготовки в конкретном учебном заведении приводит к определенным рискам, выявить которые возможно уже в процессе обучения.

Такие риски составляют вторую определенную нами группу. К ним относятся риски адаптации молодых людей к новому социальному окружению в вузе, новым видам учебной деятельности и новым целям и задачам этого периода жизнедеятельности молодой личности. Проанализировать такие риски возможно путем анализа взаимных ожиданий преподавателей и студентов, которые лежат в основе формирования их социального поведения в процессе обучения. Представляется целесообразным обозначить предполагаемые ожидания преподавателей и студентов, с которыми они начинают взаимодействовать в процессе профессиональной подготовки, особенно на первых курсах обучения. К основным ожиданиям преподавателей можем отнести:

- наличие у студентов достаточного уровня подготовки по общеобразовательным предметам для обучения по выбранной специальности;

- определенная профессиональная ориентированность студентов;

- высокий уровень мотивации получения качественного профессионального образования;

- наличие навыков самостоятельной работы и обучения в соответствии с

вузовскими формами;

- сформированность ряда личностных качеств, необходимые для обучения в вузе.

Ожидания студентов могут сводиться к следующим:

- бесконфликтное и беспроблемное включение в процесс обучения в вузе и адаптация к новой вузовской среде и новому социальному окружению (в первую очередь на микроуровне - студенческой группе);

- подтверждение правильности выбранной специальности в соответствии с личными предпочтениями и способностями (исключение риска «фальстарта»);

- наличие у вуза широких возможностей для реальной практической подготовки и реализации творческих способностей молодой личности (возможностей для интересной «студенческой жизни»).

Безусловно, эти ожидания объективно лежат в плоскостях разных интересов преподавателей и студентов (хотя априори они должны в определенной степени совпадать). И на основе анализа «пересечения» этих ожиданий можем говорить о проблемах и рисках.

К таким пересечениям можем отнести:

- ожидания беспроблемного включения студентов в процесс обучения в соответствии с формами и требованиями высшего учебного заведения на основании должной общеобразовательной подготовки и сформированности навыков самостоятельной работы;

- ориентированность студентов в сущности выбранной специальности для получения профессии и высокая мотивированность получения именно выбранной профессии;

- информированность студентов о специфике профессиональной подготовки и принципах корпоративной культуры в данном учебном заведении;

- сформированность личностных качеств, позволяющих успешно адаптироваться к вузовской среде и в дальнейшем обучаться в вузе.

Риски возникают именно тогда, когда при этих «пересечениях» выявляются крайне полярные ожидания с одной и с другой стороны. На наш взгляд наиболее «рискогенными» являются ожидания, связанные с четкой профессиональной ориентированностью абитуриентов, и в этом случае мы можем говорить о риске их «фальстарта» [3, с. 116] и, как следствие этого, отчисление из вузов, что в свою очередь влечет риски нестабильности студенческого контингента и учебной загруженности преподавателей.

В подтверждение этому можно привести результаты социологического исследования, где 70-80% выпускников имели четкую определенность по вопросу выбора учебного заведения, факультета, специальности. Количество неопределившихся не так велико (порядка 30%), но в некоторых случаях это приводит как к проблемам профессионального выбора у самих абитуриентов, так и вносит проблемы в формирование студенческого контингента самих вузов [4, с. 57].

Выявление и анализ возможных рисков «ожиданий» «преподаватель-студент» позволит выработать оптимальные меры по их снижению еще на стадии подготовки к поступлению в высшее учебное заведение, а именно в общеобразовательной школе, что, в свою очередь, снизит риски «фальстарта» для молодых людей и сделает работу преподавателей по подготовке молодежи к

профессиональной и трудовой деятельности более эффективной. Безусловной фундаментальной основой разрешения этого противоречия должно являться взаимодействие средних и высших образовательных учреждений на принципах непрерывности, создание социально-психологических условий для молодых людей, которые бы позволяли им еще на школьной скамье освоить формы деятельности, необходимые для обучения в вузе.

Под социально-психологическими условиями взаимодействия школьного и вузовского обучения мы понимаем такую среду, в которой в тесном взаимодействии представлена наилучшая совокупность педагогических факторов (отношений, средств и т.д.), обеспечивающих качественную подготовку учащихся средних образовательных учреждений к продолжению обучения в вузах.

К этим условиям относятся:

- с одной стороны, знание учителями средних образовательных учреждений и преподавателями вузов социально-психологических особенностей учащихся, с другой – форм и методов обучения в средней и высшей школе;

- обеспечение преемственности форм, методов и приемов обучения между средними и высшими образовательными учреждениями;

- обучение учащихся средних образовательных учреждений приемам и способам самообразования и самоконтроля, методам вузовского обучения;

- создание в среднем образовательном учреждении атмосферы обучения близкой к вузовской (сдача зачетов, сессий, защита реферативных работ).

В общем виде можно выделить следующие направления взаи-

модействия Павлодарского государственного педагогического университета и средних образовательных учреждений нашего региона, которые должны быть непрерывными:

- 1) *учебно-методическое*, содержащее в себе: деятельность по обновлению и адаптации содержания профильного обучения в соответствии с особенностями избранной образовательной ориентацией; подготовку и апробацию учебников, учебных и дидактических пособий для учащихся, учителей и преподавателей вузов, работающих во взаимодействующих с вузами средних образовательных учреждениях; руководство учебной деятельностью по профильным дисциплинам; непосредственное обучение преподавателями вузов учащихся средних школ; личные профессиональные контакты учителей с преподавателями вузов по обмену опытом;

- 2) *научно-методическое*, характеризующееся работой факультативов и кружков на базе средних и высших образовательных учреждений; совместным проведением предметных олимпиад, семинаров и конкурсов; разработкой образовательных программ и обучающих технологий, обеспечивающих непрерывность и преемственность школьного и вузовского образования; совместным проведением научно-практических конференций учителей и учащихся средних образовательных учреждений со студентами и преподавателями вузов;

- 3) *профориентационное*, которое включает создание и развитие внутрисистемных связей в образовании, осуществляемых через пропаганду профессий по которым готовят взаимодействующие образовательные

учреждения; информирование о правилах приема и условиях обучения в базовых образовательных учреждениях и профильных вузах; выступление представителей вузов в школе с лекциями о специальностях, по которым готовят студентов; обеспечение работы подготовительных курсов на базе взаимодействующего вуза; проведение установочных консультаций для учителей и учащихся школы по предметам вступительных экзаменов; беседы с учащимися и их родителями о правилах приема в вуз и условиях обучения в нем; проведение предметных олимпиад для учащихся школ, изъявивших желание учиться в том или ином вузе; проведение дней открытых дверей; предоставление услуг профдиагностики.

4) профилактическое, осуществляющееся через центры вуза и проектную деятельность: интерактивный сервис для изучения английского языка; интересные квесты и задания по математике, русскому и казахскому языку, окружающему миру и обучению грамоте; онлайн-курсы по математике, физике, химии, биологии; обучающие

видеоуроки по физике и математике, интернет-кружки и олимпиады по иностранным языкам, математике и естественно-научного профиля для учеников 1-9 классов; сервис по математике для учеников 5-11 классов, подробный разбор тем и пошаговое решение задач. Профилактическое направление заключается в устранении проблемы в знаниях через работу центров и проектную деятельность профессорско-преподавательского состава нашего вуза, работающего в этом направлении. Основная и главная миссия – помочь учащимся заполнить пробелы в знаниях, объясняя просто, доступно и обязательно проверяя, как освоил и понял материал ученик.

В конечном итоге, при всей аксиомности значения взаимодействия «школа-вуз», его реализация на принципах непрерывности и ответственности обеих сторон позволит существенно смягчить риски перехода молодых людей в новую для себя социально-культурную среду и сделать свой профессиональный выбор с долей уменьшения дальнейших «рисковых» ситуаций.

Список литературы:

1. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана. 10 января 2018 г. Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции.
2. Зубок, Ю. Управление рисками в сфере образования молодежи / Ю. Зубок, В. Чупров // Высшее образование в России. - 2007. - № 5. - С. 11-22.
3. Зубок, Ю. А. Риск в сфере образования молодежи: институциональные и само регуляционные механизмы управления / Ю. А. Зубок, В. И. Чупров // Вопросы образования. - 2008. - № 4. - С. 31-55.
Вопросы интернационализации и качества высшего образования тесно связаны, поскольку с самого начала считалось, что процесс интернационализации и выход вузов на международный рынок способствует повышению качества образования.

Повышение качества образования играет важную роль в продвижении таких программ интернационализации,

как программа стимулирования международной мобильности студентов ЭРАЗМУС, активно функционирующая в ряде казахстанских высших учебных заведений. В данном аспекте определяется задача организаторов высшего образования - реализация стратегических и маркетинговых методологий для облегчения доступа и роста числа поступающих казахстанских студентов в вузы зарубежья и иностранных студентов, преподавателей и ученых в вузы РК.

Таким образом, реализация данной задачи совместно с ведущими университетами мира позволит вузам Казахстана выйти на новый уровень международных отношений в рамках образовательного пространства, позволит провести модернизацию и распространение образовательных программ, методов обучения и учебных материалов, совершенствовать вопросы управления и содействовать межкультурному и межличностному обмену.

Список литературы:

1. Исаева Ж.К. Исторический аспект интернационализации высшего образования как фактора конкурентоспособности (на примере Казахского университета экономики, финансов и международной торговли) / *Ұлағат.NEWS*. – 2017. – № 22-23 (126-127). – С. 5-6.
2. Яновская О.А., Эралиева А.Э. Интернационализация высшего образования Казахстана / *Известия НАН РК*, № 6, 2012. – С. 3-5.
3. Сагинова О. В. Интернационализация высшего образования как фактор конкурентоспособности // *Вестник Российского экономического университета им. ГВ Плеханова*. - № 1, 2017. – С. 15-24
4. СОРБОННСКАЯ ДЕКЛАРАЦИЯ. Совместная Декларация по гармонизации архитектуры европейской системы высшего образования Министров образования Франции, Италии, Германии и Великобритании. - Париж, Сорбонна, 25 мая 1998 года. – 3 с.
5. ЗОНА ЕВРОПЕЙСКОГО ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ. Совместное заявление европейских министров образования. - Болонья, 19 июня 1999 года. – 5 с.
6. Абдулкеримов И.З., Павлюченко Е.И., Эсетова А.М. Современные тенденции интернационализации высшего образования // *Проблемы современной экономики*, N 3 (43), 2012. – С. 358-361.

ТОБЫЛ, ТОРҒАЙ БОЙЫНДА АШЫЛҒАН ЖАҢА ҮЛГІДЕГІ АЛҒАШҚЫ МЕКТЕПТЕР

С. Оспанұлы, К.Мырзағалиева

Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, Қостанай қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада бұрынғы Николаев, қазіргі Қостанай қаласында, Қостанай облысы аудандарында Қазан төңкерісіне дейін қашан, қандай жаңа үлгідегі алғашқы мектептер ашылғаны, кімдер ашқаны, оларда кімдер сабақ бергені айтылады.

Аннотация. В статье содержится информация о самых первых школах нового образца, которые были открыты в старом Николаеве, а ныне в городе Костанай, в районах Костанайской области до Октябрьской революции, о тех людях, кто открывал их и вели занятия.

Abstract. The article tells about the first schools in the former Nikolaev, the present Kostanai, in the Kostanai region, before October Revolution, the first ones who opened and taught.

Түйін сөздер: мектеп, мұғалім, алғашқы, меңгеруші, ұстаз, инспектор.

Ключевые слова: : школа, учитель, первый, заведующий, педагог, инспектор.

Key words: school, teacher, first, supervisor, teacher, inspector.


Торғайда. 1864 жылы 14 шілдеде Александр II қоғамдық мекемелер мен жеке тұлғаларға бастауыш халықтық мектептер ашуға рұқсат беретін «Бастауыш халықтық (Халық ағарту министрлігінің бір сыныптық, кейін екі сыныптық - С.О.) мектептер» туралы ережесін бекітті.

Торғайдағы тұңғыш жаңа үлгідегі мектептің бой көтеруі осы ережеге тұспа-тұс келіп, 1864 жылы 8 қаңтарда ашылды. Оның өзіне ғана тән ерекшелігі бар бағдарламасы мен оқу-құралдарын жазып, шаруашылық есеп-қисабын да жүргізуші Ыбырай Алтынсарин болды.

Сол жылы 16 наурызда Н.И. Ильминскийге: «Январьдың 8 күні менің көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды, оған 14 қазақ баласы кірді, бәрі де жақсы, есті балалар. Мен

балаларды оқытуға, қойға шапқан аш қасқырдай, өте қызу кірістім. Бұл балалар да менің айызымды қандырып, небары үш айдың ішінде оқи білетін және орысша, татарша жаза білетін болды...», - деп жазды.

«Бұл мектепті ашқан Ыбырай емес, орыстандыру саясатымен патша үкіметі аштырған» дейтіндер бар. Жанды сөз. Алайда халықтан ақша жинап, мектеп салдырып, бала оқытқан Ыбырай Алтынсарин. Ол миссионерлердің айтқан ой-пікірлерінің бірде-бірін орындамаған. Қайта інжілдің орнына құранды оқытып, ислам дінін уағыздаған. «Қазақ хрестоматиясы» кітабы құранға, Мұхаммед пайғамбардың хадистеріне негізделіп жазылуы – соның бір айғағы.



1864 жылы 8 қаңтарда Торғайда ашылған тұңғыш мектеп

Торғайдағы қолөнер мектебі. Жоғарыда атап өткеніміздей, 1864 жылдың 14 шілдесінде Александр қоғамдық мекемелер мен жеке тұлғаларға бастауыш халықтық мектептер туралы ережені бекіткеннен кейін Ресей империясының түкпір-түкпірінде бастауыш халықтық училищелер пайда бола бастады.

Атақты ағартушылар, меценаттар С.А. Уваров пен П.С. Уваров бірнеше мектеп ашты. Солардың ішінде қыздарға арналған және шаруалардың балаларына қолөнері мен ұсталық шеберлікті үйрететін училищелер ашуы үлгілі іс болды.

Бұл игілікті бастама Ыбырай Алтынсаринге де әсер еткені анық. Ол 1881 жылы 4 қазанда Н.И. Ильминскийге: «Қазір оқушыларға кітапхана және мектептің қолөнер бөлімін ашуға кірісіп жатырмын, ал жуырда жеміс ағаштарын және огород егуді де қолға алмақпын.

Оның үстіне, Торғайда ерекше қолөнер мектебін ашпақшымыз, оны қадірлі ақсақалымыздың құрметіне «Яковлев мектебі» деп атамақшымыз», - деп жазды. Көп ұзамай 1883 жылдың 3 ақпанында «Яковлев қолөнер

училищесі» ашылды. Оған алғаш 10 оқушы қатысып, ағаш шеберлігін, тігіншілік кәсіпті үйренді. 1880 жылы училищедегі балалар саны жиырмаға жетіп, темірден де бұйым жасау ісін меңгере бастады. 1890 жылы мектеп ғимараты кеңейтілді. Онда өз ісінің шеберлері Мидянской, Обухов сынды оқытушылар сабақ берді.

Николаевскіде (Қостанайда).

Ыбырайтанушы ғалым Әнуар Дербісәлиннің «Ыбырай 1879-1882 жылдар арасында Торғай облысының төрт уезінен төрт орталық мектеп ашады, Торғай уезінің мектебі – Торғай қаласында, Ырғыз уезінің мектебі – Ырғыз қаласында, Николаевск уезінің мектебі – Троицк қаласында, Елек уезінің мектебі Бөрте болысында болады» [1], – деп жазғанына қарағанда, бұл мектеп алғаш Троицк қаласында ашылып, кейін Николаевскіге (Қостанайға) көшірілген.

Яғни, 1884 жылдың 1 қыркүйегінде екі сыныптық орыс-қазақ училищесі болып қайта шаңырақ көтерген. Мектептің Қостанайға – уез орталығына көшуін қалап, 1881 жылы 19 қазанда Торғай облыстық басқармасына ұсыныс жасаған да Ыбырай Алтынсарин

болатын. Торғай облысының мектеп-училищелері жұмыстарының инспекторы Ыбырайды 1882 жылдың мамыр айында Қостанайда салынуға тиіс училище құрылысын жүргізетін комитеттің мүшесі етіп бекітеді.

Алтынсарин Торғай облысындағы оқу жұмысының жалпы жайы туралы Торғай облысы губернаторына берген 1882 жылғы есебінде: «... Ново-Николаевскіде (болашақ Николаевскі уезінің уездік қаласында) алдымыздағы 1883 жылдың көктемінен

бастап мектеп салатын материалдар даярланады...Торғай, Ақтөбе, Ырғыз, Троицк (Николаевск) училищелерін немесе қалалық училище етіп қайта құру, оларға тиісті праволар беру лайықты іс деп танылмас па екен» [2], – деп жазды. Арада екі жыл өткенде қазіргі әл-Фараби даңғылы мен Алтынсарин көшелерінің қиылысында қызыл кірпіштен салынған жаңа типті мектеп үйі бой көтерді.

Мектепте 35 қазақ баласы тартылып, олардың саны жыл сайын өсе түсті.



Қостанайдағы орыс- қазақ мектебінің жөнделгеннен кейінгі көрінісі

Амангелдіде. Ыбырай Алтынсарин 1883 жылы 13 қазанда Торғай облысы әскери губернаторына Қарабұтақ фортындағы бір сыныптық орыс- қазақ мектебін ұстауға қажет қаражат сметасы туралы жазбаша баяндамасының соңында: «Ал Торғай уезінде жобаланып отырған болыстық мектепке келетін болсақ, онда мен былай деп ойлаймын: мұндай мектепті Қараторғай болысындағы Батпаққара мекенінде құру қолайлырақ болады, мұнда қазірдің өзінде мешіт және басқа да жекеменшік құрылыстар бар»; дей келіп, сонымен бірге бұл жердің тағы бір артықшылығы оған Қараторғай, Жалаңаш, Сарықопа, Наурызым

және тіпті Қарақоға болыстары, сондай-ақ сол уездің барлық мекендерінен шалғайдағы Қызылжыңғыл болысы қазақтарының жазғы жайылымы іргелес жатқанын айтады.

Одан әрі: «Мен осыдан бұрын баяндағанымдай, яғни қазақтардың жергілікті тұрмыстық жағдайын ескере отырып осы мектепті құратын болсақ, болыстық мектепті ұстау жыл сайын 2 мың сомнан астам күміс ақшаға түскен болар еді. Мәселен, мен былай деп шамалаймын»,- деп, мұғалімдерге, оқушыларға, мектепті жылыту мен оған жарық беруге, аспаз, кір жуушы және басқа да қызметкерлерге, арба, шана, ат-көлік ұстауға, оқу құралдарына

жиһазды, үйді, ыдыс- аяқты жөндеуге, сырқат шәкірттерге алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі- дәрмектерге жұмсалатын қаржы көлемін көрсетеді [3].

Ыбырай Алтынсарин 1888 жылы 27 мамырда Торғай облыстық әскери губернаторына жазған қатынас қағазында оқушылардың жазғы демалысқа шығуына байланысты Батбаққарада мектеп үйін салуға қолайлы сәт туып отырғанын айтып, Торғай уезінің бастығына аталған мектепке арналған пәтер салу немесе жалдау туралы ұсыныс жасауын өтінеді. Нәтижесінде, сол жылы 9 қарашада Қараторғайда (Торғай уезінің Қараторғай болысындағы Қараторғай өзенінің бойында) би Баймұрат Түркебайұлының үйі жалға алынып, мектеп өз жұмысын бастайды. (А.В. Васильев «Торғай облысындағы халық ағарту ісі және оның қазіргі күйі туралы очерк» кітабында Баймұратты Баймұратов деп көрсетіпті).

Мектеп меңгерушісі Орск қазақ мұғалімдер мектебінің оқу курсы бітірген Уризов (1887-1891) кейін Қазан мұғалімдер семинариясын тәмәмдаған Лапшин (1891-1892), мұғалімдер көмекшілері қазақ мұғалімдер мектебін бітірген Жабағин (1891-1892), ислам дінін үйретуші Махмудов (1887 жылдан бастап) болады [4].

Ыбырайтанушы ғалым Әсет Ламашев та Торғай уезіне қарасты Қараторғай болыстық мектебі 1888 жылы ашылып, оған тұңғыш 12 оқушы қабылданғанын айтады [5.]. Алайда, А.В. Василеев мектеп 9 қарашада ашылды десе, Ә. Ламашев «қыркүйек айының 13 жұлдызында» деп көрсетіпті.

Бұл – қазіргі Амангелді ауданында ашылған жаңа үлгідегі алғашқы мектеп еді.

Обаған, Боровойда. Қостанай уезінің Обаған болысында Алакөл көлінің маңында 1887 жылы мектеп ашылып, ол 1890 жылы Боровое ауылына көшірілді. Мектеп меңгерушісі және ислам дінінен сабақ берген Орск қазақ мұғалімдер мектебінің оқу курсы бітірген Досмағұл Тоқтабаев (1887-1892), оның көмекшілері Қазан мұғалімдер семинариясын тәмәмдаған Урмаев (1890-1891жж.) және Афанасьев (1891). Ислам дінінен Уфа рухани семинариясының түлегі Кувшинский (1887 жылдан бастап).

Спандияр Көбеев Қарағайлы көлдегі мектепте Досмағұл Тоқтабаев пен Жамалитдин (әкесінің атын жазбапты-С.О.) сабақ бергенін, бірақ көп кешікпей ол екеуін басқа мектепке ауыстырып жібергенін, мектепке арналып салынған үй болмай, Пospelов дегеннің үйін жалдап алғанын, алайда Алакөлдегі Сауытбайдың үйіне қарағанда кәдімгі мектеп сияқты болғанын айтады.

- «Кейін осы үй 1500 сом ел қаржысына сатып алынып мектепке басымен берілді, - деп жазады С. Көбеев. - Мектепте елу бес-алпыс бала оқыдық. Оның жартысынан көбі үйлерінен қатынап оқитын орыс балалары еді. Қазақ балалары интернатта жатып оқыды.

Алғашқы кезде орыс, қазақ балалары болып жікке бөлініп, бір-бірімізді жатсынып, тосырқап жүрсек те (кейде тіпті төбелесіп те қалатынбыз) кейін түсініп, тату дос болып кеттік.

Мектептің тұңғыш меңгерушісі Досмағұл Тоқтабаев болды да, ол кеткен соң Зефиоров деген оқытушы меңгеруші болды. Олармен қатар мұнда Долгушин, Көшкінбаев, Оразбаев деген оқытушылар оқытты» [6].

Досмағұл Тоқтабаев Орск қазақ мұғалімдер мектебінің оқу курсы бітіріп, Обаған болысында (Қазіргі

Мендіқара ауданында), Алакөл ауылдық екі жылдық мектепте, кейін Қарағайлықөлдегі (Боровое ауылында) төрт жылдық мектепке орыс тілінен сабақ береді.

Досмағұл Тоқтабаев педагог-жазушы Спандияр Көбеевтің алғашқы ұстазы. Спандиярды әкесі мектепке апарғанда, кедей баласы деп шеттетеді, сонда Ыбырай Алтынсарин көмектесіп оқуға алдырады. Оқуға алып, алғашқы мұғалімі болған осы – Досмағұл Тоқтабаев. Ол орта бойлы, қара торы жігіт екен. Аса кішіпейіл, мейірімді, сабырлы адам болыпты.

«Әлі есімде, – деп жазады С.Көбеев ұстазы туралы естелігінде. – Сабақ басталған күні орысша оқудың мән-мазмұнын айта келіп, ол орыстың ғылымын үйрену үшін ең алдымен тілін жетік білу керек екендігін айтты. Орыс тілін неғұрлым жақсы оқитын боласың. Орысша жақсы оқысаң, өнер-білімге кенелесің, зейінің артады, ақылың молығады. Ыбырай ағай осылай дейді. Ол кісі өздерің сияқты қазақтың балаларын ғылымға кенелдіру үшін орысша оқытып жүр. Біздің де оқуымызға себепкер болған сол кісі. Ол келіп оқуды тексерген уақытта ұялып қалып жүрмейік. Жақсы оқылық деп, қайткенде жақсы оқуға болатындығы туралы көптеген мысалдар келтіреді» [6, 87-88 б.].

Автор одан әрі Досмағұл ұстазының шебер мұғалім екенін, сол шеберлігі шәкірттерге үлгі-өнеге болғанын айтады. Бұл – Ыбырай Алтынсарин мектебінің дәстүрі екенін Спандияр баса көрсетіп: «Орысша үйреткенде, балаларға өзінің төңірегіндегі нәрселерден, үй ішіндегі заттардың атынан бастап үйрету керектігі, орысша бірден жақсы сөйлетіп үйрету керек екендігі Алтынсариннің қағидалары», – дейді.

Бұл қағидаларды кейін өзі де, қасындағы басқа мұғалімдер де қолданып, қандай сабақ өткізсе де, оны балалардың көкейіне қондырып алмай тұрып, екінші сабаққа көшпейтін болады.

1889 жылы Ыбырай Алтынсарин дүниеден өткенін ауыл адамдарына жеткізіп, сөз сөйлеген де Досмағұл Тоқтабаев екен. С.Көбеев осы бір сәтті де «Орындалған арман» романында әдемі суреттеп, ауыл адамдарының ұлы ұстазға деген жан тебіренісін шынайы жеткізеді:

«Өтелмес қаза қайғысы сол сәтте санасына жетіп әр жерде ауыр күрсініп отырған адамдар, Досмағұлдың азалы хабарының аяғын күтуге тақаты жетпей:

- Қайран Ыбырай!
- Арысым!
- Қамқорым! – деп күңіреніп кетті.

Ыбырай менің көз алдыма келіп елестеп, тағы да сол өткен жылғы сияқты маңдайымнан сипап: «Оқып жүрмісің, балам, жақсы оқы!» деп тұрған тәрізді болды. Мен әкеме қарадым, Досмағұлға телміре қарап қалған әкемнің жүзіне үлкен көздерінен бұршақ-бұршақ жас сорғалап отыр екен. Мен де еңіреп қоя бердім. Осы арада Досмағұл өксігін сәл басып:

- Ел жұртым! – деп жиынға ишара етті. – Ыбырай ағайдың арманы – жас ұрпақты оқытып, ғылым мен өнер-білімді өз халқының игілігіне айналдыру еді. Құржыламайық, халқым. Ыбырай арманын орындап, жас-өспірім ұрпақты оқыталық. Кемеңгер ұлыңа орнатқан мәңгі ескерткішіміз осы болсын! Ыбырай ағай көзінің тірісінде Қарағайлықөлінің басынан төрт жылдық мектеп ашпақ еді. Енді ел болып, жұрт болып ат салысып осы мектепті ашалық», – деп аяқтады сөзін

Досмағұл» [6, 91 б.].

1892 жылы Қарағайлықөлде төрт жылдық мектеп ашылып, меңгерушілігіне Досмағұл Тоқтабаев тағайындалады. Досмағұл Тоқтабаев 1893 жылы қайтыс болған.

Шұбар болысында (Жітіқарада). Қостанай уезінің Шұбар болысында Марынский ауылынан 12 шақырым жерде Бекежановтың үйі жалға алынып, 1887 жылы 29 желтоқсанда мектеп жұмыс істей бастады. Мектеп меңгерушісі Шотаев (1887 - 1890) және Орск қазақ мұғалімдер мектебінің оқу курсы бітірген Ғабдолғали Балғымбаев (1891), Ислам дінін үйретуші Үмбетов (1887-1890 жж.) болды.

Бұл Шотаев Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мұғалімі, педагог-ағартушы, суретші, мүсінші Ахметқазы Шотаев (1902-1991) емес. Аталары ма, біле алмадық.

Ғабдолғали Балғымбаев (1866-1943) – Қостанайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесінің (Қазіргі Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп (С.О.) түлегі.

Ғ.Балғымбаев 1875 жылы Торғайдағы бір сыныптық орыс-қазақ училищесінде оқып жүргенде Ы. Алтынсарин сабақ берген. Ыбырайдың шәкірті ғана емес, кейін ағартушылық жолын жалғастырған ізбасары. Ол алғаш бастауыш мектептерде, орыс-қазақ училищелерінде сабақ берсе, кейін Торғай облыстық халық училищелерінің инспекторы, Торғай облыстық басқармасының іс жүргізушісінің көмекшісі, Торғай облысының баспасөз бөлімі бастығының қызметін уақытша жүргізу-

ші, Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясының тұрақты мүшесі, 1902-1903 жылдары «Тургайская газетаның» редакторы...

Ы. Алтынсарин екеуі «Бозжігіт» дастаны мен ғашықтық жырларды, Әубәкір, Күдері өлеңдерін, қыз бен жігіт айтыстарын орыс тіліне аударған. 1907-1917 жылдар аралығында Торғай облыстық халық училищелерінің инспекторы болып жүрген кезінде Ғ. Балғымбаевтың бастамасымен Торғай мен Ырғыз уездерінде 22 орыс-қазақ училищесі ашылған.

Әуликөлде. Әуликөлде тұңғыш жаңа типті бастауыш мектеп 1891 жылы 27 қаңтарда ашылған. Мектеп меңгерушісі (1891 жылдан) Орынбор оқытушылар институтының курсы бітірген Гречкин, оның көмекшісі қазақ оқытушылар мектебінің түлегі Көшкімбаев. Ол әрі мектепте мұсылман діні қағидаларынан сабақ берген.

1895 жылы Орынбор оқытушылар мектебін бітірген Ахмет Байтұрсынов Ақтөбе, Торғай, Қостанай, Қарқаралы уездерінде, кейін осы Әуликөлдегі Орынбаев ауылдық мектебінде сабақ берген. Сонымен бірге ол Қостанайдағы А.Е. Алекторов ашқан педагогикалық сыныпта (педагогикалық курс - С.О.) да дәріс оқыған. А. Байтұрсынов 1895-1909 жылдар аралығында ұстаздық етсе, 1897-1904 жылдар аралығында Әуликөл, Қостанайда болған [7]. Ұлы ұстаздың өмірлік жары Бәдрисафамен (Александрамен) осы Әуликөлде танысады.



Торғай облысындағы Әуликөл болыстық мектебі (1896 жыл).

Әдебиеттер тізімі:

1. Дербісәлин Ә. Ы.Алтынсарин өмірі мен қызметі туралы. – Алматы: «Қазақстан», 1965. – 54 б.
2. ҚРОМ ф.25.оп.1.,іс.2283, 221 бума. 243-255 бб.
3. Ыбырай Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары.- Алматы : «Рауан» 1991-30-31 бб
4. Васильев А.В. Торғай облысындағы халық ағарту ісі және оның қазіргі күйі туралы очерк. Орынбор. П.П. Жариповтың Типо-литографиясы, 1896 - 96 б.
5. Ламашев Ә. Ыбырай Алтынсарин (Семинарий)-Алматы: Ана тілі, 1991.-61 б.
6. Көбеев С. Орындалған арман.-Алматы: «Жазушы», 1988 .-91-92 бб.
7. Галиев В. З. Міржақып Дулатовтың оқыған жылдары. (Электронный ресурс)
URL: <http://tuson-ofke.kz/>.



Белгілі әдіскер, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, «Начальная школа Казахстана», «Средняя школа Казахстана – Қазақстан орта мектебі», «Шағын мектеп – Малокомплектная школа» ғылыми-әдістемелік педагогикалық журналдарының бас редакторы Елубаев Советбай Елубайұлы

Белгілі әдіскер, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚР білім беру ісінің үздігі, Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгінің иегері Елубаев Советбай Елубайұлы биыл мерейлі 80 жасқа келіп отыр.

Советбай Елубайұлы Елубаев 1938 жылы 26 шілдеде Ақтөбе облысына қарасты Шалқар өңірінде дүниеге келген.

1961 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының толық курсы «математика – сызу» пәндерінің мұғалімі ретінде бітірген. Мерефада партия мектебін, Киевте әскери училищені аяқтаған.

Еңбек өтілі: 1961, 1963–1966 жылдары Ақтөбе облысы Шалқар қаласы мектептерінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1961–1963 жылдары әскер қатарында болып, міндетін атқарып, 22 наградамен елге оралып, аға лейтенант атанды.

1966–1968 жылдары Абай атындағы ҚазПИ-дің элементар математика кафедрасында қызметін жалғастырып, 1968 – 1971 жылдары осы институтта аспирантурада оқыды. 1971 жылы 25 қазанда аға оқытушы ретінде жолдамамен ҚазМемҚызПИ-ге жіберілді. Университетте 1971 жылдан үлгілі қызмет істеп келеді. 1974 жылдың 24 желтоқсанында педагогика ғылымдарының кандидатын Мәскеуде қорғап, МПД № 006914 дипломын 1975 жылы 8 сәуірде алды, ал 1978 жылы 19 сәуірде КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Жоғары аттестаттау комиссиясының шешімімен геометрия және математиканы оқыту әдістемесі кафедрасының доценті атағы берілді. 2014 жылдың 3 наурызынан профессор міндетін атқарушы лауазымында.

Танымал ғалым-әдіскер 800-ден астам еңбектің авторы. Оның ішінде

1000-нан астам ғылыми-педагогикалық мақала, 200-дей оқулық, оқу құралы, монография, мемлекеттік тапсырыс ретінде жазылған 12 томдық ҚСЭ-нің, мемлекеттік сыйлық алған 30 томдық «Терминдер сөздігінің» авторларының бірі, «Ақ сандығым ашылды (жұмбақтар)» кітабы халықаралық көрмеде бас жүлде алған.

«Қыран түлегіне қайтпас қанат сыйлайды, ұстаз шәкіртіне талмас талап сыйлайды» - демекші, ұстаз қай кезде де мектептің жүрегі, қоғамның тірегі. Қоғам тұлғаны қаншалықты жетілдірсе, жетілген тұлға қоғамды соншалықты дәрежеде дамытады.

Математика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к. А.Ө.Дәулетқұлованың бір мақаласында: «Әрбір тұлға өмірінде үлкен тәрбие мен таусылмас білім ошағын санасына ұялатқан ұстазын мәңгілік есінде сақтайды. Нағыз мұғалім, міне, осы. Өйткені, әрбір мемлекеттің өсіп өркендеуінің, бәсекеге қабілетті болуының ең басты ошағы-ұстаз берген білімде. Сондықтан да дамудың ең биік көкжиегінен көрінгісі келген кез келген мемлекет ең алдымен, білім беру саласын дұрыс жолға қойып, сапасын көтеруді мақсат етеді. Ендеше, осындай бәсекеге қабілетті, рухы биік ұрпақ тәрбиелеуде С.Елубаев Қазақстан мектептері мен жоғары оқу орындарында берілетін математикалық білімді жетілдіру мәселесімен тұрақты айналысып келеді. Солардың кейбіреуін теріп айтатын болсақ:

- 1977 жылы Алматы қаласы, Алматы облысы мектептерінің оқушылары мен мұғалімдеріне арнап көшпелі «Математикалық лекторий» ұйымдастырып, ғалымдарға дәрістер оқытып, практикалық сабақтар жүргіздірді;

- Ақтөбе облысы, Шалқар қаласында қызмет істеп жүргенінде, кәсіптік

білім беру мақсатында 1963 жылдары оқушыларды трактор, дәрігер мамандығына үйретіп, соның негізінде техникалық және дәрігерлік училище ашуға негіз салып, Жангелдин мектебін ашуға жағдай жасапты;

- 1987 жылы Алматыда Қазақстан мен Орта Азиядағы тұңғыш «Математика-информатика» мектебін ашып, оның директорлық қызметін атқарды. Осы мектепте бес республикадан 90-дай оқушы оқып, барлығы дерлік куәлік алып, жоғары оқу орнына түскен, олардың 17-сі физика-математика факультетін қызыл дипломмен бітіріп, кейбіреуі жоғары мектептерде ұстаздық қызметін атқаруда. Осы мектеп тәжірибесі негізінде университетте «Есептеу техникасы» кафедрасы ашылды;

- қазақ тілінде жарық көрген тұңғыш «Алгебра» оқулығы авторларының бірі, оқулық қазақ, ұйғыр тілдері мектептерінде пайдаланылды;

- математикадан алғашқы конкурстық есеп кітабын да жазушының бірі;

- математика терминдері мен символдарын тұңғыш зерттеп, одан монография жазды;

- алғаш рет қазақтың қара есептерін жинап, зерттеп, шығару жолдарын көрсеткен;

- қазақ математиктерінің алғаш рет өмір жолдарын зерттеп, баспадан шығарды;

- Кеңес Одағының батыры Ідіріс Үргенішбаев өмірін зерттеп, кітап жазды;

- қазіргі мектеп оқушылары мен мұғалімдеріне геометрия есептерін құру мен шығару жолдарына арналған тәуелді бірлік жазуын, технологиясын ұстанушы;

- функциялық бірлік жаңа технологиясының авторы да Елубаев» - деп ғалымның ғылыми-зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудың авторлық

тұжырымдамасын негізге ала отырып жазған. Міне, осындай өмірбаян деректерімен өмір жолындағы сан алуан асулар мен белестерге көз жүгіртсек, Советбай Елубайұлының ізгі қасиеттерге толы нар тұлғасы, атақ-абыройға, биік мәртебеге, құрмет-сыйға бөленген жарқын жүзді бейнесі әр қазақтың, әр шәкіртінің кеудесіне мақтаныш сезімін ұялатқандай.

Советбай Елубайұлы қазіргі таңда халықаралық негізде Парижде бекітілген, бірнеше тілде шығатын «Начальная школа Казахстана», «Средняя школа Казахстана – Қазақстан орта мектебі», «Шағын мектеп – Малокомплектная школа» ғылыми-әдістемелік педагогикалық журналдарының бас редакторы қызметін атқара отырып, талапты да талантты оқушыларды қолдап стипендия тағайындап, өз атында «Алтын», «Алтынданған күміс», «Күміс» белгілерін ұсынуда.

Советбай Елубайұлы барды бағалайтын, адалға ақ бола білетін мінезімен қадірлі. Жақсы мінез адамның көркі дегендей, ол өз еңбегімен талпынып, қошеметке бөленіп жүрген жандардың бірі, оған үлкен де, кіші де

құрмет көрсетеді, өйткені ол қол жеткенге асып-тасымайтын, болмағанға таусылып шаршамайтын нағыз қайраткер. Оның өмір баспалдақтары кейінгі жастарға үлгі, өнеге.

Білім беру саласында және ғылыми зерттеу жұмыстарында жеткен жетістіктері үшін С.Елубаев Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Еңбек ардагері» (1989 ж.) медалінің, екі рет «Білім беру ісінің үздігі» (1995, 2000 жж.), «Ыбырай Алтынсарин» (2008 ж.) төсбелгісінің иегері.

Советбай Елубайұлы өркендеген өнегеңіз, кең даладай пейіліңіз бен таудай мейіріміңіз болашақ ұрпаққа нұр болсын демекпіз. Әлі де ұзақ жылдар табысты еңбек етіп, Отанымыздың көркеюіне үлес қосуыңызға тілектеспіз. Зор денсаулық, отбасыңызға амандық, өзіңізге сарқылмас күш-қуат тілейміз!

Егемен еліміздің ертеңі – жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесі жолында асқақ та абыройлы қызметте жігер мен талантты, еңбекқорлық пен ұстамдылықты қатар ұстап үнемі биіктен көрінетін ардақты ағамыз – Советбай Елубайұлын бүгінгі мерейтойымен құттықтаймыз.

**Сәнзия Қантөреқызы Көптілеуова,
Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА
аға ғылыми қызметкері, Астана қ.**

**ОБЛЫСТЫҚ, АСТАНА, АЛМАТЫ, ШЫМКЕНТ ҚАЛАЛАРЫ ӘДІСТЕМЕЛІК
ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ/КАБИНЕТТЕРІНІҢ ЖЕТЕКШІЛЕРІНІҢ ҚАТЫСУЫМЕН
СЕМИНАР-КЕҢЕС**

2018 жылғы 4 шілдеде Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы облыстық, Астана, Алматы, Шымкент қалалары әдістемелік орталықтарының/кабинеттерінің жетекшілерінің қатысуымен семинар-кеңес өткізді.

Күн тәртібі бойынша: әдістемелік нұсқау хатта көрсетілген «2018-2019 оқу жылы Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы»; «Бастауыш, негізгі, жалпы орта білім берудің жүктемесі азайтылған ҮОЖ нұсқаларының жобалары»; сондай-ақ 2017-2018 оқу жылының нәтижесі бойынша білім алушылардың оқу жетістіктеріне критериалдық баға-

лауды енгізудің негізгі проблемалары туралы мәселелер талқыланды.

Сонымен қатар, семинар-кеңеске қатысушылар Академия және (ЮНИСЕФ) Балалар қорымен бірлесе жүзеге асырылатын «Білім беру жүйесіндегі қауіпсіз білім беру компоненті» жобасы бойынша мониторинг нәтижелерімен және әдістемелік қызметтің ерекшеліктерімен танысты.



ҚР БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАМЫЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ «ТӨРТІНШІ ӨНЕРКӘСІПТІК РЕВОЛЮЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ АДАМИ КАПИТАЛ»

2018 жылдың 15 тамызында Астана қаласының №66 мектеп-лицейінде Республикалық педагогикалық тамыз конференциясы аясында Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының ұйымдастыруымен «Дене шынықтыру оқу пәні ретінде: оның мазмұны мен жүзеге асыру барысындағы заманауи тәсілі» тақырыбында секция отырысы өтті.

Білім беру қызметкерлерінің республикалық педагогикалық тамыз конференциясының секция отырысына ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі өкілдері, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, аймақтық дене шынықтыру орталықтары, Федерациялар өкілдері, Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының қызметкерлері, республика бойынша дене шынықтыру әдіскерлері мен мұғалімдері қатысты.

Секция модераторлары: Мұстафаев Садық Шоңмұрынұлы – ҚР БҒМ «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» бас директоры, Каринова Шолпан Танатқызы – Білім және ғылым министрлігі Мектепке дейінгі және орта білім департаменті директоры.

Білім және ғылым министрлігі Мектепке дейінгі және орта білім департаментінің директоры Ш.Т. Каринова секция отырысын ашып, жұмысына сәттілік тіледі.

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының вице-президенті А.К. Мұхамедханова «2018-2019 оқу



жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беру мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері» тақырыбында баяндама жасады.

№6 мектеп-гимназиясының дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Е.И. Копкина білім берудің сапасын жақсарту жолында білім мазмұнын жаңарту жағдайында дене шынықтыру мұғалімінің функционалдық құзыреттілігін қалыптастыру туралы баяндады.

Атырау аймақтық дене тәрбиесі орталығының бас жаттықтырушысы Ж.Қ. Асанов дене шынықтыру әдістемесінің принциптері туралы баяндады.

Сонымен қатар секция қатысушылары мен баяндамашылар өзекті мәселелерді көтеріп, білім беру мазмұ-

КОНФЕРЕНЦИЯЛАР, СЕМИНАРЛАР

нын жаңарту аясында денсаулығына байланысты арнайы медициналық топқа жатқызылған оқушыларға арналған дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету және «Футбол сабағын» сынақтан өткізу жобасын іске асыру тәжірибелері туралы баяндамалар жасады.

Секция отырысының қорытындысында ұсынымдамалар талқыланып, әзірленді.

Жұмыс соңында ҚР Мәдениет және спорт министрі және Қазақстан футбол федерациясы атынан дене шынықтыру мұғалімдерін және Ұлттық мектеп лигасының жеңімпаздарын марапаттады. Сертификат берілді.



БІЗДІҢ АВТОРЛАР / НАШИ АВТОРЫ

1	Байқасов Болат Бакирович	тәрбиенің теориясы мен әдістемесі орталығының аға ғылыми қызметкері, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана қаласы
2	Жетписова Динара Жумабаевна	магистр педагогических наук, учитель-дефектолог специальной общеобразовательной школы-интерната № 1 для детей с нарушениями слуха и речи, город Павлодар
3	Исаева Жибек Кайруллиновна	кандидат филологических наук, ведущий научный сотрудник центра непрерывного педагогического образования, Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, город Астана
4	Исентаева Кунсулу Аугалиевна	магистр педагогических наук, главный специалист отдела мониторинга и анализа Национального центра повышения квалификации «Өрлеу» ИПК ПР по городу Астана
5	Каирбекова Багжанат Дындарбековна	доктор педагогических наук, профессор кафедры дошкольного образования, директор центра педагогических исследований ПГПУ, Павлодарский государственный педагогический университет, город Павлодар
6	Куанышева Гүлжамал Әлжановна	тәрбиенің теориясы мен әдістемесі орталығының аға ғылыми қызметкері, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана қаласы
7	Құрман Несібелі Жәкенқызы	педагогика ғылымдарының докторы, филология кафедрасының профессоры, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті Қазақстан филиалы, Астана қаласы
8	Маханбетова Жақсыгүл Шахзадаевна	«Жастар жетістіктері» қоғамдық қорының директоры, Ақтау қаласы
9	Мырзағалиева Күлзада	филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қаласы
10	Оспанұлы Серікбай	профессор, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, Қостанай қаласы
11	Rakhimbekova Saltanat A.	candidate of philology, Kazakh University of Economics, Finance and international trade, Astana, Kazakhstan
12	Сартаева Бибигуль Кенесовна	старший научный сотрудник центра развития инклюзивного образования, Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, город Астана
13	Свидерский Александр Константинович	доктор химических наук, профессор, проректор по научной работе и международным связям ПГПУ, Павлодарский государственный педагогический университет, город Павлодар
14	Тастанова Анар Каирбаевна	магистр педагогики, директор издательского центра, Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, город Астана
15	Шуиншина Шолпан Мырзакасымовна	кандидат педагогических наук, доцент, ведущий научный сотрудник центра непрерывного педагогического образования, Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, город Астана

1. Басылымдарға қазақ, орыс және шет тілдерінде педагогикалық бағытта жазылған мақалалар қабылданады. Шет тілінде жазылған мақалаларды жариялау жағдайында, нотариус арқылы расталған, мәтіннің қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасы қоса беріледі. Қолжазбаны автор мұқият тексеріп, редакциялап шығуы тиіс.

2. Ғылыми дәрежесі жоқ авторлардың мақалаларына ғылым докторының немесе кандидатының, философияның PhD докторының рецензиясы қоса берілуі тиіс.

3. Компьютерде терілген қолжазба мақалалар 1 данада, жол аралығы бір интервал, парақтың бір жақ бетіне басылған, парақтың жол жиегі: сол жағы - 30 мм., оң жағы - 15 мм., үстіңгі және астыңғы жолағы - 20 мм. және «Windows үшін Word 7,0 (97. 2000)» мәтіндік редакторында электрондық нұсқада қабылданады.

4. Қолжазбаның көлемі (кестелерді, әдебиеттер тізімін, суреттердің жазбаларын, суреттерді қосқанда) **3 беттен** кем болмауы және **10 беттен** аспауы тиіс.

5. Суреттер көлемі мақаланың 1/4 көлемінен аспауы тиіс.

6. Мақала қатаң түрде келесі **ережелерге** сәйкес ресімделуі керек:

- әмбебап ондық жіктеме кестесі бойынша **ӘОЖ**;

- **мақала атауы** мақаланың мазмұнын нақты ашуы тиіс және 8-10 сөзден аспауы керек; техникалық параметрлері: кегль - 14-пункт, қаріп түрі - **Times New Roman** бас әріппен, қалың шрифтпен, азат жол ортаға дәл келтірілуі тиіс;

- **автор(лар)дың аты-жөн(дер)і**, сондай-ақ **мекемелердің толық атауы** келесі техникалық параметрлерге сәйкес келуі керек: кегль - 14-пункт, қаріп түрі - Arial, азат жол ортаға дәл келтірілуі тиіс;

- **андапта** кіріспе сөздерді қамтымай, мақаланың басты ақпаратынан түйін беруі тиіс, көлемі 15 қатардан аспауы керек, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде келесі параметрлерге сәйкес жазылуы қажет: кегль - 12-пункт, қазақ тілі үшін қаріп түрі - KZ Times New Roman, орыс, ағылшын және неміс тілдері үшін қаріп түрі - Times New Roman, оң жақ-сол жақ шегінісі - 1 см., жол аралығы бір интервал;

- **тірек сөздер (8-10 сөзден аспауы керек)**: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде, кегль -12-пункт, қазақ тілі үшін қаріп түрі - KZ Times New Roman, орыс, ағылшын және неміс тілдері үшін қаріп түрі - Times New Roman, оң жақ-сол жақ шегінісі - 1 см., жол аралығы бір интервал;

- **мақала мәтіні**: кегль - 14-пункт, қазақ тіліндегі мақалалар үшін қаріп түрі - KZ Times New Roman, орыс, ағылшын және неміс тілдеріндегі мәтіндер үшін қаріп түрі - Times New Roman, жол аралығы бір жарым интервал;

- мақала **кіріспеден** басталады, онда тақырыптың өзектілігі қысқа, ықшам әрі нақты көрсетіледі, ғылымилығы (міндеттері) тұжырымдалады;

- мақала негізгі **қорытындымен** тұжырымдалады, онда кіріспеден қозғалған мәселеге нақты жауап болуы тиіс;

- **мақаладағы сілтемелер және/немесе пайдаланылған әдебиеттер** 2003 жылғы МЕМСТ 7.1-тармағы бойынша ресімделуі тиіс. Библиографиялық жазба, библиографиялық сипаты. Құрастырудың жалпы талаптары мен ережесі (2003 жылғы МЕМСТ 7.1-тармағы, стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі Мемлекетаралық Кеңес қабылдаған). Жұмыстардың тізімі оларды мәтінде ескеру тәртібімен ұсынылады. Барлық сілтемелер түпнұсқа тілінде көрсетіледі (латын қарпін пайдаланбайтын жапон, қытай және басқа тілдердегі атаулар орыс тіліндегі транскрипциясымен жазылады. Ең алдымен қазақ тіліндегі, содан соң орыс тіліндегі және әліпбилері туыстас (украин, болгар және т.б.) тілдердің, келесі кезекте латын әліпбиімен берілген еңбектер көрсетіледі. Қолжазбадағы сілтемелер мен ескертулер реттік нөмірмен белгіленеді және төрт бұрышты жақшаларға алынады;

- мәтіндегі **кестелер** сілтемелерден соң орналастырылады, мәтінде оларды ескеру тәртібімен нөмірленеді, әр кестенің өз тақырыбы, атауы болуы тиіс. Диаграммалар мен графиктер кестені қайталамауы тиіс. Кестелердегі материалдар мәтінге қосымша мәліметсіз түсінікті болуы тиіс. Кестеде пайдаланылған барлық қысқартулар кестенің астында орналастырылған ескертуде анық берілуі қажет;

- **суреттер** TIFF (*.TIF) немесе JPG форматында (Word-қа орналастырудың қажеті жоқ) жеке файлмен ұсынылады. Әр суретке мәтінде бір сілтеме болуы тиіс, суреттер реттік нөмірмен белгіленеді, суреттердің астындағы жазбалары толық ақпаратты қамтуы тиіс;

- қысқартулардың тек жалпы қабылданған нұсқаларына ғана рұқсат етіледі - өлшемдердің, физикалық, химиялық және математикалық шамалар мен терминдердің және т.б. атаулары;

- Математикалық формулалар Microsoft Equation ретінде терілуі тиіс (әр формула - бір объект).

7. Редакция мақалаға әдеби және стилистикалық өңдеу жүргізбейді. Қолжазба авторларға қайтарылмайды. Жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес ресімделмеген мақалалар журнал бетіне жарияланбайды.

8. Мақала қолжазбасын және электронды нұсқасын келесі мекенжай бойынша жолдауларыңызға болады: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Орынбор к-сі, 4, «Алтын Орда» БО, 15-қабат, каб. 1500. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы.

9. **Байланыс тел:** 8 (7172) 57-66-49

E-mail: bilim-edu.2003@mail.ru

// жазылу индексі 75754

10. **Автор туралы мәліметтер бөлек бетте** (қағазды және электронды нұсқада) жазылады:

- толық Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы, жұмыс орны (журналдың «Біздің авторлар» бөлімінде жариялау үшін);

- толық пошталық мекенжайы, қызметтік және үй телефондарының нөмірлері, E-mail (редакцияның авторлармен байланысуы үшін, электронды мекенжай журналға жарияланбайды);

- мақала атауы және автор(лар)дың аты-жөн(дер)і қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жазылуы тиіс («Мазмұны» үшін).

1. К публикациям принимаются **статьи** на казахском, русском, иностранных языках. В случаях, когда статьи публикуются на иностранном языке, прилагается нотариально заверенный текст перевода на казахский или русский язык. Рукописи должны быть тщательно выверены и отредактированы авторами.

2. Статьи авторов, не имеющих ученой степени, должны сопровождаться **рецензией** доктора или кандидата наук, или доктора философии PhD.

3. Рукописи статей принимаются в 1 экземпляре, набранных на компьютере, напечатанных на одной стороне листа с одинарным межстрочным интервалом, поля: левое - 30 мм, правое - 15 мм, верхнее - 20 мм, нижнее - 20 мм, а также электронный вариант со всеми материалами в текстовом редакторе «Word 7,0 (97, 2000) для Windows».

4. **Объем рукописи** (включая таблицы, список литературы, подписи к рисункам, рисунки) не должен превышать 10 страниц.

5. **Объем рисунков** не должен превышать 1/4 объема статьи.

6. Статьи должны быть оформлены в строгом соответствии со следующими **правилами**:

- **УДК** по таблицам универсальной десятичной классификации;
- **заглавие статьи** должно точно отражать содержание статьи и состоять из не более 8-10 значащих слов; технические параметры: кегль - 14 пунктов, гарнитура - Times New Roman, заглавные, жирные, абзац центрованный;

- **инициалы и фамилия(-и) автора(-ов)**, а также полное **название учреждения** должны соответствовать следующим техническим параметрам: кегль - 14 пунктов, гарнитура - Arial, абзац центрованный;

- **аннотация** должна быть лишена вводных фраз, содержать только главную информацию статьи, не превышать объем 15 строк, выполняться на казахском, русском и английском языках по следующим параметрам: кегль - 12 пунктов, гарнитура - Times New Roman (для русского, английского и немецкого языков), KZ Times New Roman (для казахского языка), курсив, отступ слева-справа - 1 см, межстрочный интервал - одинарный;

- **ключевые слова (не более 8-9 слов)**: на казахском, русском и английском языках по следующим параметрам: кегль - 12 пунктов, гарнитура - Times New Roman (для русского, английского и немецкого языков), KZ Times New Roman (для казахского языка), курсив, отступ слева-справа - 1 см, межстрочный интервал - одинарный;

- **текст статьи**: кегль - 14 пунктов, гарнитура - Times New Roman, межстрочный интервал - полуторный;
- статья начинается с **введения**, в котором очень кратко, сжато и лаконично отражается обоснование актуальности темы, формулировка научной проблемы (задачи);

- статья завершается формулировкой основного **вывода**, которая должна содержать конкретный ответ на вопрос, поставленный во введении;

- **пристатейные ссылки и/или списки пристатейной литературы** следует оформлять по ГОСТ 7.1 – 2003. Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления (ГОСТ 7.1 – 2003 Принят Межгосударственным Советом по стандартизации, метрологии и сертификации (протокол № 12 от 2 июля 2003 г.). Список работ представляется в порядке упоминания их в тексте. Все ссылки даются на языке оригинала (названия на японском, китайском и других языках, использующих нелатинский шрифт, пишутся в русской транскрипции). Сначала приводится список работ на казахском, русском языке и на языках с близким алфавитом (украинский, болгарский и др.), а затем - работы на языках с латинским алфавитом.

Ссылки и примечания в рукописи обозначаются сквозной нумерацией и заключаются в квадратные скобки;

- **таблицы** помещаются после ссылки в тексте, нумеруются в порядке упоминания их в тексте, каждая таблица имеет свой заголовок. Диаграммы и графики не должны дублировать таблицы. Материал таблиц должен быть понятен без дополнительного обращения к тексту. Все сокращения, использованные в таблице, должны быть пояснены в Примечании, расположенном под ней;

- **рисунки** (только черно-белые) представляются отдельными файлами с расширением TIFF (*.TIF), или JPG (не встраивать в Word). На каждый рисунок должна быть одна ссылка в тексте, нумерация у рисунков – сквозная, подписи к рисункам должны содержать достаточно полную информацию;

- **сокращения** разрешаются применять только общепринятые – названия мер, физических, химических и математических величин и терминов и т. п.;

- **математические формулы** должны быть набраны как Microsoft Equation (каждая формула - один объект).

7. Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи. Рукописи не возвращаются. Статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются.

8. Рукопись и электронный вариант с материалами следует направлять **по адресу**: 010000, Республика Казахстан, г. Астана, ул. Орынбор, 4, БЦ «Алтын Орда», 15-этаж, каб. 1500. Национальная академия образования им. Ы. Алтынсарина.

9. Контакты:

Тел. (8 7172) 57 66 49

Е-mail: bilim-edu.2003@mail.ru

// подписной индекс 75754

10. **На отдельной странице** (в бумажном и электронном варианте) приводятся сведения об авторе: - Ф.И.О. полностью, ученая степень и ученое звание, место работы (для публикации в разделе «Наши авторы»);

- полные почтовые адреса, номера служебного и домашнего телефонов, Е-mail (для связи редакции с авторами, не публикуются);

- название статьи и фамилия (-и) автора (-ов) на казахском, русском и английском языках (для «Содержания»).

Журналдың құрылтайшысы:

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігінің
«Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық
білім академиясы» РМҚК.
Журнал 2000 жылдың
мамырынан шыға бастады.
Басылым 3 айда бір рет шығады.
Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрлігінде есепке қойылды
(2008 жылғы 30 желтоқсандағы
Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою
туралы №9838-ж куәлік).

**Құрметті оқырмандар
мен авторлар!**

Журналда жарияланған
материалдар редакцияның
көзқарасын білдірмейді.
Фактілер мен мәліметтердің
анықтығына, сондай-ақ
стилистикалық қателерге
авторлар жауапты.
Журналға шыққан материалдарды
редакцияның келісімінсіз
көшіріп басуға болмайды.

Мекенжайы:

010000, Астана қ.,
Мәңгілік Ел даңғ., 8
«Алтын Орда» БО, офис-1500.
тел.: 8 (7172) 57-66-49
E-mail: bilim-edu.2003@mail.ru

Басуға 15.10.2018 ж. қол қойылды.
ш.б.т. - 4,5. RISO басылым.
Таралымы - 310 дана.
Ы. Алтынсарин атындағы
ҰБА-ның баспа орталығында басылып
шығарылды

Учредитель журнала:

РГКП «Национальная
академия образования
им. И. Алтынсарина»
Министерства образования и науки
Республики Казахстан.
Журнал издается с мая 2000 года.
Периодичность 1 раз в 3 месяца.
Журнал поставлен на учет
в Министерстве культуры и
информации РК (свидетельство о
постановке на учет средства массовой
информации № 9838-ж
от 30.12.2008 г.).

**Уважаемые читатели
и авторы!**

Опубликованные в журнале
материалы не отражают точку
зрения редакции.
Ответственность за достоверность
фактов и сведений в публикациях,
а также за стилистические ошибки
несут авторы.
Перепечатка материалов,
опубликованных в журнале,
допускается только с согласия
редакции.

Наш адрес:

01000, г. Астана,
пр. Мангилик Ел, 8,
БЦ «Алтын Орда», офис 1500.
тел.: 8 (7172) 57-66-49
E-mail: bilim-edu.2003@mail.ru

Подписано в печать 15.10.2018 г.
усл.печ.л. - 4,5. Печать RISO.
Тираж - 310 экз.
Отпечатано
в издательском центре
НАО им. И. Алтынсарина.